

Мектеп директоры:  Н.Касымбекова

**«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің» жмм
Ерте жүктіліктің алдын -алу бойынша атқарылған жұмыстардың жылдық жоспары.
2022-2023 оқу жылы**



р/с	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Мектептің ішкі тәртіп ережесімен оқушы қыздарды таныстыру. Тазалық тәртіп-басты талап. Психологиялық кеңестер.	Қыркүйек	ДТДЖО Б.Тұрлыбеков Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова Медбике Г.Досбаева
2	«Ерте жүктіліктің зардабы» «Репродуктивті денсаулық» Күзгі күнгі дене күтімі.	Қазан	ДТДЖО Б.Тұрлыбеков Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова Медбике Г.Досбаева
3	Гинеколог жас қыздарға қажет пе? Бойдағы кемшіліктен арылу Шаш күтімі.	Қараша	Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова Мектеп медбикесі Г.Досбаева
4	«Әдептілік адамгершілік бастауы» Ерте жүктіліктің алдын алу.	Желтоқсан, қазан	ДТДЖО Б.Тұрлыбеков Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова Медбике Г.Досбаева Мектеп психологы Ф.Еспулганова
5	«Ерте жыныстық қарым қатынасқа түсудің зияны» «Тазалық -денсаулық кепілі»	Қаңтар	Қыздар кеңесі төрайымы М.Сатымбекова Мектеп психологы Ф.Еспулганова Медбике Г.Досбаева
6	«Үлгілі үйдің қыздары» баяндама «Тазалық -денсаулық кепілі» Жыныстық тәрбие-маңызды әңгіме	Ақпан	Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова Медбике Г.Досбаева Мектеп психологы Ф.Еспулганова
7	Ұлдар мен қыздар арасындағы қарым-қатынас Тазалық –денсаулық кепілі	Наурыз, сәуір	Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова Мектеп психологы Ф.Еспулганова Медбике Г.Досбаева
8	«Ерте жүктіліктің салдары» «Жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің зияны»	Мамыр	ДТДЖО Б.Тұрлыбеков Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова Мектеп психологы Ф.Еспулганова

Қыздар кеңесінің төрайымы:  М.Сатымбекова

«№ 3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
8-11 сыныптың оқушы қыздарымен өткізілген жиналыстың

Хаттамасы

Өткізілген күні: 16.09.2022 жыл

Қатысқандар: 8-11 сынып оқушы қыздары, ұйымдастырушы-педагог Г.Абдиева, психолог
Ф.Еспулганова, қыздар төрайымы М.Сатымбекова, мектеп медбикесі Г.Досбаева.

Күн тәртібінде:

- 1.Мектептің ішкі тәртіп ережесімен оқушы қыздарды таныстыру.
- 2.Тазалық тәртіп- басты талап.
- 3.Психологиялық кеңестер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе қыздар төрайымы М.Сатымбекова өз сөзінде мектептің ішкі тәртібі, формасы жайлы айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша «Тазалық тәртіп –басты талап» мектеп медбикелері өз сөзінде: қыздарға жеке бас гигиенасы туралы және қыздардың бойындағы ерекше қасиет ана болу мәселесі жайында ашық түрде әңгіме жүргізіп, көптеген кеңестер берілді. Кеңес беру барысында қыздардың сән құмай, бояуды бытыстырып жақпай, денеге жабысқан киім кимеу, етегі қысқа киімдер кимеу, шаштарын жайып, өздерін сорақы көрсетпей, айналасындағыларға боянып сыланып әдемі көрініп, ер адамдардың өздеріне көңілін аударып, ерте жастан жеңілтек атанбау үшін, өз бойындағы табиғи сұлулықты сақтау керектігі айтылып түсіндірілді.

Үшінші мәселе бойынша психолог Ф.Еспулганова өз ойын тренинг ойындары арқылы жеткізді.

Мектеп медбикесі:  Г.Досбаева

Жиналыс төрайымы:  М.Сатымбекова

№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінде оқитын 7-11 сынып қыздарымен «Ерте жүктіліктің зардабы» мақсатында жүргізілген жиналыстың

Х А Т Т А М А С Ы

Абай ауылы

12.10.2022ж

Күн тәртібінде:

1. «Ерте жүктіліктің зардабы» (медбике Г. Досбаева)
2. «Репродуктивті денсаулық» (Баяндама М.Сатымбекова)
3. Күзді күнгі дене күтімі, (Медбике Г.Досбаева)

Тыңдалды:

Жиынды кеңес төрайымы М.Сатымбекова ашып қыздарды түгендеді. Әр сыныптағы қыздар төрайымы өз жұмысымен сынып жағдайымен төрайымды хабардар етті. Кеңес төрайымы М.Сатымбекова бүгінгі күн тәртібіндегі тақырыпшалармен таныстырды.


Ең алдымен медбике Г.Досбаева өзінің дайындаған баяндамасын қыздарға ашып, «Ерте жүктіліктің зардабымен таныстырды. Қыздарды тәртіпке шақырып, әр нәрсе өз орнымен болатыны туралы түсініктеме берді. Қыздар да өз алып-қосар ойларын ашық жеткізді.

Күн тәртібінде берілгендей екінші мәселе бойынша қыздар кеңесінң төрайымы М.Сатымбекова «Репродуктивті денсаулық» тақырыбында баяндама оқыды. Репродуктивті денсаулық дегеніміз бұл тек аурулардың жоқтығы ғана емес, сондай-ақ ұрпақ жаңғырту мен отбасы үндестігін қоса алғанда репродуктивті жүеге қатысты физикалық психикалық және әлеуметтік толық саулықтың болуы жайындағы барлық мәселелер.

«Күзгі күнгі дене күтімі» атты тақырыпта медбике Г.Досбаева айтты. Әйел адамдардың жас ерекшелігіне қарай арнайы бет күтімі, қол күтімі жалпы айтқанда дене күтімі туралы баяндалды. Қыздар өз білер ойларын ортаға салды. Медбике Г.Досбаева ең дұрысы табиғи заттарды қолданған дұрыс деді. Бет күтімі мен қол күтіміне арналған маскаларды атап олардың қоспаларын қалай қолдану керек екенін, қай уақытта қолдану керек екені туралы айтылды. Атап өткенде маскалардың майлы немесе құрғақ бет терісіне жеке түсінік берді. Медбике Г.Досбаева қыздарды тазалыққа, әдемілікке шақырды.

Қаулы етеді:

1. Ерте жүктіліктің зардабынан аулақ болайық!
2. Жарқын өмір сүрейік!
3. Әдемілік өз қолында!

Жиналыс төрайымы:  М.Сатымбекова
Хатшы:  А. Тажиханова

№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінде оқитын 5-11 сынып қыздарымен «Гинеколог жас қыздарға қажет пе?» мақсатында жүргізілген жиналыстың

Х А Т Т А М А С Ы

Абай ауылы

16.11.2022ж

Күн тәртібінде:

1. Гинеколог жас қыздарға қажет пе? (медбике Г.Досбаева)
2. Бойдағы кемшіліктен арылу.(баяндама М.Сатымбекова)
3. Шаш күтімі . (кеңес .М.Сатымбекова)

Тыңдалды:

Жиынды кеңес төрайымы М.Сатымбекова ашып күн тәртібінде қозғалатын мәселемен таныстырды.

Медбике Г.Досбаева қыздарға гинекологиялық тұрғыдан кеңес берді. Жаңа туған нәрестеде жатыр, жатыр түтігі жыныс бездері болатынын айтты. Әр қызбала 14 жастан кейін гинекология тексеруінен өтуі қажет. Бұл оның болашақта ана атануына , ұрықсыздықтың алдын алуға жәрдемдеседі. Жаңа басталған аурудың жолын қию керек. Тексеру қиын емес, жеңіл сыртқы жағынан немесе УЗД арқылы өтетін түсіндірді. Медбике қыздардан түрлі сұрақтар беріліп қанағаттандырылды.

Бойдағы кемшіліктен арылу үшін адам өзін-өзі сырттай сыни көзбен бақылау қажет «Болмасаң да ұқсап бақ, бір жақсыны көрсеңіз» деп Абай бабамыз айтқандай жақсыға еліктей білген де дұрыс. Түзілмейтін мінез жоқ, тек ниет керек. Ол үшін өз идеалыңызды таңдау керек.Оның өмір сүру әдістерін өзіңе қолдану керек. Алға мақсат қойып , ұмтылған адам дегеніне жетеді..

Шашы жалтылдап, үсті-басы жинақы жүрген қыз сұлулыққа бір табан жақын екен. Ата-баба «қыздың көркі « шаш деп бекер айтпаған. Шаш күтімі туралы кеңестер қыздарға көбірек айтылған. Жиын қызықты да тартымды өтті.

Қаулы етеді:

- 1 Әрбір қыз ата-анасымен барып гинекологиядан тексеруден өтсін;
- 2 Жақсы адам болуға ұмтылсын.
- 3 Шаш күтімі қолға алынсын;
- 4 Мектеп тәртібі сақталынсын.

Жиналыс төрайымы:  М.Сатымбекова
Хатшы:  А.Тажиханова

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күн: 14.12.2022ж

Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

- 1.Әдептілік адамгершілік бастауы.
- 2.Ерте жүктіліктің алдын алу

Тыңдалды:

Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова жиналыстың күн тәртібімен таныстырып жиналысты ашып берді.

Бірінші мәселе бойынша қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова сөз бастап «Әдептілік адамгершілік бастауы» деп тақырыпты ашып түсіндірді. Қазақ халқының салтында үлкенді сыйлау әдептіліктің бір үлгісі болып табылады. Ата-ананы сыйлау, оларды қадірлеу, ізет көрсету адамның ең қастерлі қасиеттерінің бірі. Кіші үлкенді сыйласа, үлкендер де өз тарапынан оған лайық ықылас білдірген. Содан барып үлкен мен кіші арасында жарасымды қарым-қатынас орнаған. Ол әдетке айналып әдептілік ережелерін тудырған. Үлкендер отырған жерде сөз жарыстырмай, ізет көрсете білу, көңілге қарай сөз айту, қажет кезде өзінді ұстай білу халық дәстүрінде қалыптасқан қасиеттерекенін сонымен бірге әдептілік адам бойында бірден қалыптаспайды. Ол - біршама жылдардың, қоршаған ортаның, жақсы тәрбиенің жемісі. Ата-ана өз балалары үшін тәртіптілік пен сыпайылықтың, жарасымдылықтың, қамқорлықтың үлгісі, отбасындағы тәрбие күдіреті осында деп мазмұнды да мағыналы түрде түсіндірді.

Екінші мәселе бойына мектеп психологы Ф.Еспұлганова сөз бастап тақырыпты түсіндірді. Жалпы, қазақта «қызды қырық үйден тыю» деген сөз бекер айтылмаған. Біздің ата-бабамыз келешек ұрпағының тазалығын қыздың тәрбиесінен бастаған. Осындай дәстүрдің бәрін жоққа шығарып, демократияны желеу етіп, өркениеттілік осы екен деп, бетімен кету – ол біздің ата дәстүрімізге, жалпы ұрпағымызды тәрбиелеп-өсіруге кері әсерін тигізеді. Ондай қыздар келін деген, болашақ ана деген атқа лайықты деп айта алмаймын. Сондықтанда бүгінгі жиналысымыз жас өспірімдер арасындағы ерте жүктіліктен сақтан керек екенін түсіндірді.

Қаулы етеді:

1. Әдептілік ең бірінші өз қолымызда.
2. Ерте жүктіліктің зардабынан аулақ болайық.

Қыздар кеңесі төрайымы:  М.Сатымбекова

Хатшы:  Г.Абдикадирова

№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінде оқитын 7-8 сынып қыздарымен «Ерте жыныстық қарым-қатынасқа түсудің зияны» мақсатында жүргізілген жиналыстың

Х А Т Т А М А С Ы

Абай ауылы

24.01.2023ж

Күн тәртібінде:

1. «Ерте жыныстық қарым-қатынасқа түсудің зияны»
2. «Тазалық денсаулық кепілі»

Тыңдалды:

Жиынды кеңес төрайымы М.Сатымбекова ашып қыздарды түгендеді. Әр сыныптағы қыздар төрайымы өз жұмысымен сынып жағдайымен төрайымды хабардар етті. Кеңес төрайымы М.Сатымбекова бүгінгі күн тәртібіндегі тақырыпшалармен таныстырды.

Ең алдымен мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі меңгерушісі Б.Тұрлыбеков өз ойын ортаға салып «Қыз тағдыры, ұлт тәрбиесі» атты қағиданы басшылыққа ала отырып қыздарды мәдениеттілікке шақырды. Сонымен бірге мектебіміздің директоры Н.Касымбекова жарыс сөзге шығып қызбаласын халқымыз үш ақ сөзбен тәртіпке шақырғаны туралы айтып өтті, яғни жастарды ұят болады, жаман болады,обал болады деп тәртіпке шақырғаны туралы айтып өтті. Медбике Г.Досбаева өзінің дайындаған баяндамасын қыздарға ашып, ерте жыныстық қарым-қатынасқа түсудің зиянымен таныстырды. Қыздарды тәртіпке шақырып , Ерте жыныстық қатынасқа түсудің соңы неге әкеп соқтыратыны туралы жасөспірімдердің көпшілігі бейхабар. Жыныстық қатынастың ерте болуы өте қауіпті: бала денсаулығына қауіп төнеді, жыныстық жолмен жұғатын аурулар (ЖЖЖА), соның ішінде АИТВ/ЖИТС-қа алып келеді. ЖЖЖА қоздырғыштарының көпшілігі бедеулікті, импотенцияны, жатырдан тыс жүктіліктің болуын, түсік тастауды тудыра отырып, репродуктивті мүшені зақымдайды. Кейбір ЖЖЖА қатерлі ісіктердің себепшісі де болуы мүмкін. Жыныстық қатынастың ерте басталуы жоспарланбаған жүктілікке, ал салдары – түсік тастаумен аяқталады. әр нәрсе өз орнымен болатыны туралы түсініктеме берді. Қыздар да өз алып-қосар ойларын ашық жеткізді.

Күн тәртібінде берілгендей қыздар кеңесінң төрайымы М.Сатымбекова ашты. Қос бұрымды қыздардың әдебі, жүрісі, күлкісі туралы айтып, ең бастысы тәрбиелікте болатыны туралы сөз қозғады. Қыздар айтылған әңгімелердің барлығын дұрыс деп тапты. Қыздар белсене қатысып отырды. қыздарды тазалыққа, әдемілікке шақырды.»Қазақтың ұлттық психологиясындағы қыз баланың тәрбиесі» тақырыбында бейне ролик көрсетілді. Осы ролик бойынша оқушылар өз ойларын ортаға салды.

Қаулы етеді:

1. Ерте жүктіліктің зардабынан аулақ болайық!
2. Әлемдегі ең сұлу қыз- Қазақ қыздары!

Жиналыс төрайымы:

М.Сатымбекова

Хатшы:

А.Тоғысбай

**«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Үлгілі үйдің қыздары»
тақырыбында жүргізілген жиналыстың
ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күн: 15.02.2023ж

Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. «Үлгілі үйдің қыздары» тақырыбындағы бейне түсірілім, пікіралмасу – М.Сатымбекова (8-11 сынып қыздары кеңесінің жетекшісі)
2. «Тазалық – денсаулық кепілі» - Г.Досбаева (мектеп медбикесі)
3. «Жыныстық тәрбие – маңызды әңгіме» жыныстық тәрбие туралы баяндама мектеп психологі ф.Еспулганова.
4. Ағымдағы мәселелер: тәртіп, тазалық, сабақ қалдыру, мектеп формасының сақталуы – М.Сатымбекова (қыздар кеңесінің жетекшісі)

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша М.Сатымбекова (қыздар кеңесінің жетекшісі) «Үлгілі үйдің қыздары» тақырыбында бенеролик көрсетіліп, қыздар жетекшісі бойжеткен шақтағы қыздың қылығы мен тәлім-тәрбиесіне тоқталды. Қазақ халқының мағыналы сөздері мен мақал-мәтелдерін мысалға ала отырып, презентациядағы жағдаяттарды талқылады, пікіралмасуда оқушы қыздар сұрақтарға жауап берді.

Екінші мәселе бойынша Г.Досбаева (мектеп медбикесі) «Тазалық – денсаулық кепілі» тақырыбында презентациямен таныстырып, оқушының жеке бас тазалығы, қыздар гигиенасы мен жүргізілген тазалық қорытындысына тоқталды.

Үшінші мәселе Ф.Еспулганова (мектеп психологі) «Жыныстық тәрбие – маңызды әңгіме» тақырыбында түсінік жұмыстарын жүргізіп, баяндама жасады. Жыныстық тәрбие бағытындағы маңызды мағлұматтар берді.

Төртінші мәселе бойынша М.Сатымбекова (қыздар кеңесінің жетекшісі) Ағымдағы мәселелерді қозғап, себепсіз сабақ қалдырып, мектеп формасын сақтамаған оқушыларға ескерту жасады. Жалпы мектептегі қыздар тәртібі мен бос уақытты тиімді ұйымдастыруды оқушылардан сайланған қыздар жетекшілеріне тапсырды.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Қыздардың жеке бас тазалығы үнемі қадағаланып, уақытылы тексеріліп отырсын. Уақытында тексеру мектеп медбикесі Г.Досбаева міндеттелсін.
2. Жыныстық тәрбие бағатындағы іс-шаралар жоспарлы түрде жүргізілсін. Түсінік жұмысын жүргізу мектеп психологіне міндеттелсін.
3. Қыздар тәртібі мен тәрбиесін қадағалау 8-11 сынып жетекшілері мен қыздар кеңесінің жетекшісі М.Сатымбековаға міндеттелсін.

Қыздар кеңесінің төрайымы:  М.Сатымбекова
Хатшы:  А.Тоғысбай

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күн: 15.03.2023ж

Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. Ұлдар мен қыздар арасындағы қарым-қатынас
2. «Тазалық денсаулық кепілі»

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша қыздар кеңесінің төрайым М.Сатымбекова өз сөзінде «Ел ұлымен берік, қызымен көрік» яғни қазақ халқы ұл дүниеге келгенде ел қорғайтын азамат туды деп мақтанып, масаттанады. Сондықтан да ұл баланы асқар тауға, алынбас қамалға, алмас қылышқа, қайратты бүркітке теңейді. Батырлардың көпшілігі ұлдардан шыққан. Қобыланды батыр, Алпамыс, Райымбек, Абылай, Сырым және

т. б. Қыздардан шыққан батыр болса, халық оларды ер мінезді дейді. Ал қыз дүниеге келгенде елге, өмірге көрік берер қыз туды, деп мәз - мейрам болады. Өйткені қыз бала тән сұлулығымен ғана емес жан сұлулығының байлығымен өмірді мәнді де, сәнді етеді. Оларды гүлге, күнге, айға теңейді. Даналықтары ерлерден кем түспеген қыздар да жоқ емес. Мыс: Ұлдай хан, Қарашаш сұлу, Айша бибі, Домалақ ана және т. б. жақсылыққа теңейді деп түсіндірді

Екінші мәселе бойынша мектеп медбикесі Г.Досбаева өз сөзінде «Тазалық тәртіп - басты талап» деп қыздарға жеке бас гигиенасы туралы және қыздардың бойындағы ерекше қасиет ана болу мәселесі жайында ашық түрде әңгіме жүргізіп көптеген кеңестер берілді.

Қаулы етеді:

1. Оқушы жастарымыздың тәрбиесі қолға алынсын.
2. Тазалыққа басты назар аудару қажет.

Қыздар кеңесі төрайымы:  М.Сатымбекова
Хатшы:  Г.Абдикадирова

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күн: 13.04.2023ж

Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. Ұлдар мен қыздар арасындағы қарым-қатынас
2. «Тазалық-денсаулық кепілі»

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша қыздар жиналысының төрайымы М.Сатымбекова жиналыстың бүгінгі тақырыбымен таныстырып өтті. «Ел ұлымен берік, қызымен көрік» яғни қазақ халқы ұл дүниеге келгенде ел қорғайтын азамат туды деп мақтанып, масаттанады. Сондықтан да ұл баланы асқар тауға, алынбас қамалға, алмас қылышқа, қайратты бүркітке теңейді. Батырлардың көпшілігі ұлдардан шыққан. Қобыланды батыр, Алпамыс, Райымбек, Абылай, Сырым және т. б. Қыздардан шыққан батыр болса, халық оларды ер мінезді дейді. Ал қыз дүниеге келгенде елге, өмірге көрік берер қыз туды, деп мәз - мейрам болады. Өйткені қыз бала тән сұлулығымен ғана емес жан сұлулығының байлығымен өмірді мәнді де, сәнді етеді. Оларды гүлге, күнге, айға теңейді. Даналықтары ерлерден кем түспеген қыздар да жоқ емес. Мыс: Ұлдай хан, Қарашаш сұлу, Айша бибі, Домалақ ана және т. б.

Екінші мәселе бойынша медбике Досбаева «Тазалық денсаулық кепілі» тақырыбында оқушы қыздарға кеңес беріп айтып өтті. Адам өмірінде тазалықтың алар орны маңызды. Жаны таза адамның өмірге деген көзқарасы жарқын, ерекше болады. Тазалық әркезде де біздің жанымыздағы сенімді серігіміз болуы шарт.

Қыздар кеңесінің төрайымы:  М.Сатымбекова

« №3.Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі »к.м.м.

Аудан көлемінде «Мейірім-жүректен» атты айлық жоспар бойынша :

жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің алдын алу, өзіне-өзі қол жұмсау,салауатты өмір салты, жасөспірімдер гигиенасы туралы өткізілген іс-шара

Хаттама

Абай ауылы

19.05.2023 жыл.

Қатысқандар:

Мектеп медбикесі: Г.Досбаева,

Мектеп психологы:Ф.Еспулганова,

Қыздар төрайымы: М.Сатымбекова,

Ұйымдастырушы-педагог :Г.Абдиева

8-11 сынып қызбалалары және сынып жетекшілері.

Түркістан облысы Келес ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №3.Ә.Молдағұлова атындағы ЖОББМ-де 19.05.2023 ж «Мейірім-жүректен» атты іс-жоспарына сәйкес 8-11 сынып қызбалаларымен, медицина қызметкерлерімен бірлескен жиын болып өтті.

Жиын барысында салауатты өмір салтын қалыптастыру,ерте жүктіліктің алдын алу, жасөспірімдер гигиенасы туралы түсіндірілді.

«Жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің зияны», «Ерте жүктіліктің салдары» тақырыбында видео-ролик көрсетілді.Көрсетілген видео-фильмдер талқыланып ,түрлі сұрақ-жауаптар айтылып ,кең көлемде түсіндіріліп өтілді.

Мектеп медбикесі:

Г.Досбаева

Мектеп психологы:

Ф.Еспулганова